

– гордиться славным прошлым (62%).

В своих пожеланиях по улучшению патриотического воспитания молодежи более трети (35,2%) опрошенных называет улучшение работы в этом направлении средств массовой информации; 28,8% опрошенных предлагают больше внимания уделять этой проблеме при изучении общественных дисциплин; 11,4% респондентов считают, что в таком воспитании помогут лекции и беседы. Однако каждый десятый респондент (10,3%) полагает, что патриотическое воспитание проводить не обязательно.

Как показал опрос, более половины студентов (62%) участвуют в выборах в центральные и местные органы власти. В то же время 15% опрошенных не проявляют желания участвовать в выборах. Это говорит о еще не сформировавшейся гражданской позиции молодых людей, предпочитающих остаться в стороне от политической жизни страны.

Анкетирование свидетельствует, что студентов волнуют политические события. 20% опрошенных постоянно следят за политической информацией, а 62% – иногда интересуются политикой. Лишь 18% респондентов вообще не интересуются политическими событиями.

Проведенное исследование показывает, что студенты в большинстве своем патриотичны. Хотя среди значимых ценностей они выбирают здоровье и образование, но дальнейшие ответы раскрывают их любовь к Отечеству, нежелание покидать Родину, как бы тяжело приходилось жить. В ответах утверждается гордость за политические символы Казахстана, за казахстанских людей, добивающихся высоких достижений как в спорте, так и в других сферах человеческой деятельности.

Из вышесказанного видно, что молодежь остро видит проблему и переживает за состояние патриотизма в нашей стране. Каждому здравомыслящему человеку хочется видеть свое отечество сильным и процветающим, ощущать чувство гордости за него, считать свою Родину не мачехой, а поистине матерью, испытывать чувство защищенности и гражданской полноценности. При этом каждому из нас, граждан своей страны, не мешало бы подумать: а что же здесь зависит лично от нас? Полагаю, что именно это понимание поднимает человека в нравственно-личностном плане как гражданина и как патриота. А куратор студенческой группы должен помочь каждому студенту приобрести знания и представления, присущие осмысленному патриотическому сознанию, заинтересовать молодежь к вовлечению в патриотическое движение и воспитать у молодежи чувство патриотизма.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка: В 4 т. – СПб., 1863–1866.

### **ЖАСТАРҒА РУХАНИ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ ДІННІҢ РОЛІ**

*Елеусов Б.А., Танебергенова А.Д.,*

*Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты*

Дін және мәдениеттің арақатынасы жөнінде қыруар пікірлер айтылуда. Соңғы кездері діни экспансия алаңына айналған елімізде «дініміз өзгерсе өзгерсін, мәдениетіміз өзгермесін» (Дулат Исабеков, ҚӘ, №14, 18.04.2003) дейтіндей, орашалақ пікірлер де айтылуда. Осы мәселеге байланысты ғылыми қорытынды жасау үшін алдымен қоғам, өмірінің ең маңызды ұстыны саналатын дін мен мәдениеттің арақатынасын.

Бүгінгі мәдениеттану, антропология және социология саласының теоретиктері дінді мәдениеттің ең маңызды құрамдас бөлігі деп санайды (мысалға Э.Б. Тайлор, Лесли Уайт, Радклифф Броун, Рут Бенедикт, Франц Боаз, Бронислав Малиновский, Уиллиам Хавиланд қатарлы ғалымдардың еңбектерін айтуға болады – М.Б.). Дінсіз қоғам болмайтындықтан, дінсіз мәдениет те болмайды. Дін әлеуметтік құбылыс хәм қоғамды қалыптастыратын ұйытқы ретінде адамзат өмірінде аса маңызды рөл атқарады. Кейбір идеологиялар мен саяси

ағымдар діннің осы рөлін пайдаланғысы келеді. Бүгінгі күні дүниежүзінде орын алып жатқан саяси, әлеуметтік, мәдени һәм экономикалық уақиғалардың негізінде діни факторлардың бар екенін айту жаңсақтық болмас. Әсілі, дін осы салаларға бағыт-бағдар беретін күштің бірі, тіпті ең бастысы. Қоғам құрылымының анатомиясында діннің алатын орны ерекше. Қоғамдарды басқа қоғамдардан ажырататын ең негізгі қасиеттің бірі осы діннің өзі болып табылады.

Заманауи әлеуметтану ғылымдарынан социология, психология, антропология, мәдениеттану, философия, филология, саясаттану, өнертану дінді зерттеумен шұғылданады. Бұлар дінге әлеуметтік феномен, қоғамдық уақиға және қоғамға пішін беретін құдірет ретінде қарайды. Діннің мәдениетті қалыптастырушы басты күш екеніне дау жоқ. Әсіресе, бүгінгі өтпелі кезеңде азаматтардың өзін-өзі танып-білуі, ортақ ұлттық мұраны қалыптастыруы және ХХІ-ғасырдағы халқымыздың өсіп-өркендеуінің басты құралы дініміз /1/.

Әлеуметтану ғылымдары ішінде ең көп дау-дамай туғызғандардың бірі мәдениеттану. Мәдениет дегенде кейбіреулердің есіне тек Пабло Пикассо (Pablo Picasso, 1881–1973), Вольфганг Моцарт (Wolfgang Mozart, 1756–1791), Петр Чайковский (Petr Chaykovskiy, 1840–1893) түседі. Ал, шындығына келгенде мәдениет ұғымы өте кең ауқымды қамтиды. Әр қоғамның қоғамдық қасиеттерінің материалдық және рухани тамырлары бар. Мәдениет дегеніміз осы дүнияуи және рухани қатынастардың ғасырлар бойы етене араласуы нәтижесінде қалыптасатын нәрсе. Сондықтан, заман өзгеріп мәдениеттің кейбір тұстары өзгеріске ұшырағанымен, қоғам өзінің мәдениеті мен оның өзегін сақтап қалуға тырысады.

Ислам дінінің көшпелі һәм руларға бөлінген араб қоғамында пайда болғаны белгілі. Дегенмен, ислам діні негізінен отырықшылықты, қалалық мәдениетті уағыздайды. Қазақ халқының тарихына қарайтын болсақ, ірілі-ұсақты рулар мен тайпалардың басын қосқан күш осы ислам діні болған. Ислам қауымдастығына қосылмаған түркі тайпалары болса мүлдем басқа мәдениет тобына қосылып, мүлдем басқа қоғамдарға айналған. Бұған мысал ретінде бұлғарларды, мажарларды, чуваштарды, сібір халықтарын т.т. айтуға болады. Америкада зорлықпен шоқындырылған қаралардың, Африкадағы отарланған халықтардың, Оңтүстік Америкадағы қызылтерілілердің де тағдыры ұқсас. Демек, әр халықтың мәдени ортасын анықтайтын басты фактор – дін. Мұсылман халқымыздың басты қасиеттерінен меймандостық, ағайынмен тату болу, Ораза айт пен Құрбан айт кезінде кешірімдесу, араағайыншылық, қайырымдылық ислам дінінің мұсылман үмметіне уағыздаған қасиеттері.

Әлеуметтік тұрғыдан алғанда ислам діні:

- 1) қоғамға бағыт-бағдар береді
- 2) қоғамды біріктіреді,
- 3) идеологиялық және мәдени ұғымдарды күллі қоғамға телиді,
- 4) жеке тұлғаның және қоғамның мүдделерін қорғайды,
- 5) этникалық негізден гөрі адами, рухани құндылықтарға мән береді.

Діннің мәдениеттің құрамдас бөлігі екені туралы тәжірибелік (эмпирикалық) дәлелдер:

- 1) діннің жеке тұлға және қоғам өміріндегі нақты функциялары бар,
- 2) дін әр адамға сол адам бағынышты болуға міндетті құдіреттің алдында жеке басының сенімділігі сезімін береді,
- 3) дін адамға өзінің төңірегіндегі әлемді түсіну тұрғысынан өзіндік жүйе ұсынады,
- 4) дін қоғам қатынастарының қалыптасуында басты міндет атқарады.

Мәдениеттің күштілігі соншалық, мәдениеттер арасындағы қақтығыста жеңіске жеткен мәдениеттің өзі жеңіліске ұшыраған мәдениеттің белгілі элементтерін сіңіріп алуға мәжбүр болады. Нәтижеде аралас мәдениеттер пайда болады. Ислам діні мәдениеттердің арасындағы парықтарды қабылдаған дін. Нәсілдер мен тілдердің, тіпті діндердің әртүрлілігін ислам діні таниды. Құранда адамдардың тайпаларға, түстерге бөлінгендігі, әркімнің діні өзіне екені туралы айтылған және Құран мұны Жаратушының шешімі ретінде көрсеткен. Қоғамдар арасындағы парықтар адамдардың бірін-бірі танып-білуі және қарым-қатынас орнатуы жағынан жағымды рөл атқаруы да мүмкін. Бұл біздің қолымыздағы нәрсе. Сондықтан, ислам дініндегі

жүйені толеранттылықтан да жоғары қойған жөн. Тарихқа қарағанымызда сан жағынан аз мұсылмандардың үлкен мемлекеттерді басқарғанын көреміз. Яғни, мұсылмандар басқа дін уәкілдерін де қорғаумен шұғылданған. Мұсылмандар негізінен бір мемлекеттің туының астында біріккен басқа тілдегі және діндегі халықтарға, олардың мәдениетіне хошкөрушілікпен қараған.

Адамзат тарихында дінсіз мәдениет болмаған. Алғашқы қоғамдық құрылымнан бері қарайғы уақытта пайда болған мәдениеттердің барлығы да діни сенім негізінде қалыптасқан. Ал, сенім жүйесі ең жоғары деңгейдегі имани, фәлсәфи негіздерді қамтитын ислам діні осы дінге қосылған халықтардың мәдениетіне орасан зор ықпал жасаған, түбегейлі өзіндік қалыпқа салған.

Дін адамдардың іс-әрекеттеріне бірінші дәрежеде ықпал жасайтын құдірет. Ислам діні мәдениеттің негізгі салаларымен шұғылданады да егжей-тегжейде адамға таңдау еркі береді. Мәселен, исламият адамдардың киінуі мәселесінде негізгі қағидаларды белгілейді, бірақ дәл қандай киім үлгісін киюге араласпайды. Ислам діні адамдардың халал тағамдарды жеуін сұрайды, бірақ тамақты дайындау және қабылдау салтына араласпайды. Мәселен, Қытайдағы мұсылмандар ағаш таяқшамен, Еуропадағы мұсылмандар қасықпен, араб елдеріндегі мұсылмандар қолымен тамақ іше алады. Негізгі мәселе, халал, яғни рұқсат етілген таза тағамдарды жеу. Кейбір әдебиеттерде, мәселен Жоржи Зейданның (Джирджи Зейдан, Jurji Zeidan, 1861–1914) «Ислам мәдениеті тарихы» атты еңбегінде мәдениет былайша сипатталған: «Мәдениет дегеніміз бір қоғамды қоғам, жамиғатты жамиғат, ұлтты ұлт жасайтын, оны өзге ұлттардан ажырататын өмірлік көріністердің топтамасы. Осы өмірлік көріністер әр ұлттың өзіне тән болып келеді». Қысқаша қайырып айтқанда мәдениет «әр ұлттың өзіне тән ойлау және өмір сүру салтының жүйесі» болып табылады.

Мәдениеттің негізгі қасиеттері мыналар:

1. Ұлттық сипатқа ие.
2. Тәбиғилық және тірілік.
3. Жалғастылық және тарихилық.
4. Ұлттың ортақ мұрасы болып табылады.
5. Өзегі өзгермейді.
6. Үйлесімді тұтастық болып табылады.
7. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасады.

Міне, осы қасиеттердің барлығын зер сала зерттегенімізде ислам дінінің қазақ халқының мәдениетіндегі ең маңызды бөлік екенін көреміз. Ендеше, Қазақстан мемлекетінің сыйлығын алған жазушы Дулат Исабеков (1942) ағамыздың «дін мәдениеттің құрамдас бөлігі емес екен, дініміз өзгерсе өзгерсін, мәдениетіміз өзгермесін...» деген сөздерінің ғылыммен үш қайнаса сорпасы қосылмайтыны анық болады. Ал, мәдениет пен өркениеттің парқы неде? Мәдениет ұлттық сипатта болғанымен, өркениет дегеніміз халықаралық, ғалами сипаттағы нәрсе. Бір мәдениетті екінші мәдениетке тұтастай аударудың мүмкін еместігін жоғарыда айтқанбыз. Өркениет болса жалпы адамзатқа тән байлық.

Қорыта айтар болсақ, қазақ халқының мәдениетінің жоғарыда көрсетілген тармақтарының барлығында да ислам дінінің мызғымас әсерін, үлесін ешкім жоққа шығара алмайды. «Дініміз өзгерсе өзгерсін» деген сөздің қандай мақсатпен айтылғанын түсіну мүмкін емес. Қазір, халқымыздың дінін тұтастай өзгерту туралы әңгіме күн тәртібінде тұрған жоқ, яғни қазақ халқының күн тәртібінде жоқ. Ал, енді халқымыздың мәдениетімен, дінімен, тарихымен қақтығыста жүрген бір-екі адам айтты деп, ислам дінін тастап, басқа дінді қабылдайын деп жатқан біздің халық та жоқ. Халқымыздың, мәдениетіміздің толып жатқан көкейкесті проблемалары тұрғанда жазушы ағамыздың қажетсіз әңгімені көтеруі көңілге күмән келтіреді.

Елімізде дін социологиясы ілімдері соңғы жылдары ғана жандана, негізделе бастағанын ескерген жөн. Әлеуметтік қатынастардағы діннің ықпалды рөлін жоққа шығаруға болмайды. Соңғы ғасырларда Батыс қоғамдарында діннің нормативтік күші шектелген сайын діни

феномендердің зерттелуі таза теология мәселесінен гөрі социология, саясаттану, антропология, құқық, психология сияқты эмпирикалық ілімдердің зерттеу нысанасына айналған. Сондықтан, дін әлеуметтік феномен ретінде социологтар үшін аса маңызды зерттеу объектісі ретінде қарастырылуда. Дін социологиясы діннің кейбір бағыттары бойынша адамдарды белгілі әлеуметтік әрекеттерге жетелейтін қоғам сегменттерінің пайда болуын зерттейді. Мәселен, белгілі бір діннің яки сектаның (тариқаттың) мүшелері өздерінің діни нанымдары негізінде белгілі бір әлеуметтік іс-амалдарды жүзеге асырып жатса, белгілі бір формада киініп, белгілі қоғамдық қатынастарға түсіп жатса, бұл тікелей дін социологиясының зерттеу саласына кіреді /2/.

Батыста дін социологиясы мынандай негізгі зерттеу салаларына бөлінген:

1-Діндердің әлеуметтік тұрғыдан пайда болуының себептерін түсіндіру: негізінен XIX-ғасырдың өзекті зерттеу саласы. Бұл салада Х. Спенсер (Herbert Spencer, 1820-1903), Эдуард Бернетт Тайлор (Edward B. Taylor, 1832–1917), Сэр Жеймс Фрейзер (James Frazer, 1854–1941), Карл Маркс (1818–1883) және Эмиль Дюркгейм (Emil Durkheim, 1858–1917) қомақты еңбектер жазған (Din Sosyolojisi, Der.: Yasin Aktay-M.Emin Köktaş, – Istanbul: Vadi Yayınları, 1998, 130–152 б.).

2-Шіркеу табының әлеуметтік һәм діни өмірін зерттеу. Бұл саланың белгілі зерттеушісі француз Габриел Ле Брас (Gabriel Le Bras, 1891–1970).

3-Дін мен зайырлы (светский) қоғам арасындағы ықпалдасушылық. Әсіресе, XX-ғасырда қызу зерттеулер жүргізілген бұл саланың уәкілдері Макс Вебер (Max Weber, 1864–1920), Йоахим Вах (Joachim Wach, 1899–1955) және Г. Меншинг (Gustav Mensching, 1901–1978). Дегенмен, ғалымдардың басым көпшілігінің ортақ пікірі – дін социологиясының зерттеу тақырыптарын бұлармен ғана шектеуге болмайды. Ол құрамында «дін» бар әр түрлі әлеуметтік феномендер мен олардың себеп-салдарын зерттейді. Діндерді зерттеген Батыс социологтары діннің эмпирикалық, бірақ құндылық қоюшы емес ғылымнан, эмпирикалық һәм құндылық қоюшы идеологиядан және эмпирикалық уә құндылық қоюшы емес философиядан парықты қасиеттері бар екенін анықтаған.

Діни іс-әрекеттер екі формада жүзеге асырылуы мүмкін: біріншіден, кейбір адамдардың яки тұтастай қоғамның белгілі уақыттарда белгілі іс-әрекеттерді жүзеге асыруы. Мұндай жағдайда діни өмірді ұйымдастырушы діни ұйымның болуы шарт емес. Екіншіден, діни іс-әрекеттерді белгілі ұйымдардың ұйымдастыруы және олардың мән-мағынасын белгілеуі.

Дін социологиясының ендігі зерттеу саласы – жанұя қатынастарындағы діннің рөлі. Бұл сала жанұяның діни-әлеуметтік тұтастығын, жанұя өміріндегі дін факторының рөлі мен діни ритуалдерді (үйлену, ажырасу, жанұя құрылымы, өлім, балалардың жыныстарына қарай тәрбиелену ерекшеліктері, жанұядағы қарт мүшелердің орны, экзогамия-эндогамия, полигамия-моногамия, туыстық қатынастардағы діннің әсері т.т.) жан-жақты зерттейді. Дін социологиясы, сонымен қатар, дін және әлеуметтік қақтығыстардың ара қатынасын анықтаумен де шұғылданады. Алуан этникалық топтар мен діндерден құралған Қазақстандық зерттеушілер үшін бұл сала тың һәм маңызды.

Батыс елдерінде дін социологиясы туралы туындылардың XIX-ғасырдан бастап жазылғанын жоғарыда айтқанбыз. Алайда, мұсылман елдерінде бұл сала бойынша алғашқы материалдардың пайғамбарымыз Әз Мұхаммедтен (с.а.у.) кейінгі ғасырларда-ақ, пайда болғанын айтуға болады. Құран Кәрімдегі исламға дейінгі қауымдар мен Пайғамбарымыздың кезіндегі араб, йаһуди (еврей) және христиан қоғамдарының діни-әлеуметтік өмірін суреттейтін аяттарды айтпағанның өзінде, хадис және тарих кітаптарында арабтардың мұсылмандықтан бұрынғы наным-сенімдері, әлеуметтік құрылымдары, діни ритуалдері және исламмен пайда болған өзгерістер туралы аса құнды материалдар кезігеді. Еуропа халықтары қараңғылықты бастан кешкен VII–XII ғасырлар аралығында мұсылман авторлар жазған мыңдаған кітаптардан дін социологиясына негіз боларлық мәліметтер уә ғылыми тұжырымдарды табуға болады. Дегенмен, мұсылман ғалымдардың пікірінше ислам елдеріндегі дін социологиясы туралы арнайы ғылыми зерттеулер Мұхаммед Әбу Райхан әл-Бирұни (973-1048) еңбектерімен

басталған. Араб, парсы, түркі, үнді, санскрит, грек, ибрани (иврит), арами, сұрия тілдерін әбден меңгерген әл-Бирұни көптеген жылдар бойы Үндістан жерін аралап, ондағы халықтардың діни нанымдарын зерттеген. Әл-Бирұни «Китаб-ұт тахқиқ мә ли-л-Һинд» (Үндістандағы зерттеулер туралы кітап) және «Китабұ Батенжел әл-Һинди» (Үндістанның Патанжали кітабы) атты еңбектерінде үнді халықтарының діни ұстанымдары мен қоғамдық өмірі туралы құнды мәліметтерді оларды кемсітпей, төмендетпей келтіреді (G. Tümer, Biruni'ye Göre Dinler ve İslam Dini. – Ankara: D.İ.B. Yayınları, 1991. 173–184 б.). Белгілі ғалым, Өндүлүс мұсылмандарының ірі жұлдызының бірі Әбу Мұхаммед Әли Хазмұлы (Ибн Хазм, 994–1064) «әл-Миләл уә-н Ниһәл» атты еңбегінде көптәңірлі (политеистік) және біртәңірлі (монотеистік) діндерді жан-жақты зерттеп, дін социологиясы тұрғысынан аса құнды мәліметтерді сыныптайды. Тарихшы, әлеуметтанушы һәм философ Ибн Халдун (1332–1406) барлық дүние жүзінде алғашқы әлеуметтанушылардың бірі ретінде қабылданған /3/.

Соңғы ғасырда дін социологиясы саласында қомақты еңбектер жазған ғалым ретінде философия ғылымдарының докторы, профессор Хилми Зия Үлкенді (Hilmi Ziya Ülken, 1901–1974) айтуға болады. Ол Түркиядағы дін социологиясының негізін қалаушылардың бірі.

Дін социологиясын зерттеуде Батыс елдерінде қолданылып келе жатқан әдістердің бірі – «социография» әдісі. Бұл әлеуметтік қарым-қатынас феномендерін сипаттауға бағытталған әдіс. Осы әдіс бойынша әлеуметтік өмірдің белгілі бір мәселесі хақында деректер жыйналады, тәжірибелер жасалады, санақтар жүргізіледі және жыйналған мәліметтер салыстырмалы түрде талданады. Социографиялық талдаулар практикалық тұрғыдан пайдалы болғанымен, терең ғылыми нәтижелерге апармауы мүмкін.

Ислам діні өзге діндермен көптеген ұқсас жақтары болғанымен нақтылы монотеизм, яғни «тәухид» қағидасына негізделген, көптәңірлі (политеистік) қоғамда пайда болғанына қарамастан, Мекке қоғамының мәдени үрдістеріне қарсы бағытта қалыптасқан дін. Ислам діні Меккедегі тәңірлер (пұттар) пантеонын жойып, оның орнына бас тәңір емес, бірегей және бірлік ұғымды білдіретін Аллаһ Тағалаға иман етуді, Одан басқа ешкімге, ешнәрсеге құл болмауды, табынбауды бұйырады. Сондықтан, ислам нанымы адамдарға толықтай материалдық һәм рухани азаттық береді. Бұның әлеуметтік өмірдегі көріністері пұттарға табынатын яки белгілі бір діни тапқа құлшылық жасататын басқа діни-әлеуметтік жүйелерден (христиандық, суфизм т.т.) айырмашылықтары орасан зор.

Қазақстан Республикасы жас мемлекет. Алайда, еліміздегі экономикалық-құқықтық реформалармен барабар күрделі әлеуметтік өзгерістер де жүзеге асуда. Заманауи мәдени ықпалдастық, жиһандастыру (глобализация) және ұлттық идентификация, дәстүрлі құндылықтардың өзгеруі, гео-саяси және гео-экономикалық проблемалар... Міне, осы мәселелердің бүгінгі және ертеңгі нәтижелерін анықтауда дін социологиясының, оның ішінде еліміз халқының басым көпшілігін құрайтын мұсылмандардың діни социологиясын зерттеудің маңыздылығы айқын. Бірақ, аталмыш ілім саласының бүгінгі жағдайы көңіл көншітерлік деңгейден тым алыста. Жалпылап алғанда дін социологиясын, жалқы ислам социологиясын зерттеуде жоғарыда аталған проблемаларға қоса мынандай қиыншылықтарды айтуға болады:

1. Дін социологиясы саласында жазылған әдебиеттер я тым аз, я тіптен жоқ. Батыс авторлары мен мұсылман зерттеушілердің маңызды еңбектерінің бірде бірі қазақшаға аударылмаған. Бұл проблема тәуелсіз ел ретінде біздің ғылыми дамуымызға аса жойқын соққы беруде.

2. Жалпы дін саласындағы зерттеулерге, оның ішінде, әсіресе ислами зерттеулерге зайырлылық қағидасы алға тартылып, мән берілмеуде. Христиан мемлекеті болғанына қарамастан, Германиядағы жиырма шақты «Islamwissenschaften», яғни «ислам ғылымдары» бөлімдерінде мындаған студенттердің білім алып жатқанын айтсақ жеткілікті. Батыс елдері және Америкада көптеген институттар уә арнайы зерттеу орындары йаһүдилік, христиандық, ислам және өзге де діндерді әлеуметтану, мәдениеттану, саясаттану, экономика, құқық, философия т.т. тұрғысынан зерттеуде. Жаппай жұмыс істеп жатқан бұл ұйымдар аталмыш елдердің әлеуметтік, саяси және экономикалық өміріне айтарлықтай маңызды үлес қосуда.

Олардың бізде жүрген зерттеуші барлаушылары да арнайы материалдар жіберіп, өз миссияларын орындауда /4/.

3. Дін социологиясын тікелей теологияның жұмысы деп бағалаушылық. Бұл да теріс пікір. Жоғарыда айтқанымыздай, дін социологиясы мен теологияның ортақ мәселелері бек көп. Бірақ, христиан теологиясының қағидаларын басқа діндерге, мәселен исламға телуге болмайтынын ескерген жөн. Батыс ғалымдарының өздері өскен христиан ортаның әсерімен дайындаған қалыптарын басқа діндерге қолдануға болмайды. Мәселен, Америкадағы протестант тариқаттары бастаған фундаментализмді мұсылмандарға тән феномен етіп көрсетуге тырысушылық бар. Мақаламызды қорыта келе, еліміздегі ислами зерттеулердің осындай игі шаралардың көмегімен соны серпін алатынына сенеміз. Ол үшін бізге Батыс тілдерін терең меңгерген, бірақ Батысқа сатылмаған, өз діні мен руханиятына берік, ислам ғылымдарын заманауи ғылыми жетістіктер негізінде зерттейтін, өзін өткен тарихпен шектемейтін, болашаққа үмітпен, іждиһаттылықпен ұмтылатын, жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән беретін және Құранды басшылыққа алатын мамандар қажет.

#### ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Қайров И.А. Адамгершілікке тәрбиелеу әліппесі. – Алматы, 1980.
- 2 Оразбекова К.А. Иман және инабат. – Алматы, 1993.
- 3 Амреева А. Діни экстремизм мен терроризм: мәні және Қазақстанға ықпалы. – Алматы, 2006.
- 3 Бақаев Л.К. Военные аспекты национальной безопасности Казахстана // Евразийское сообщество. – 1996. – № 2. – С. 45–53.
- 4 Назарбаев Н.А. Казахстан: взгляд на мировой порядок, развитие и демократию // Казахстан и мировое сообщество.

### АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ В ВУЗЕ

*Жақаева С.А.,*

*Костанайский государственный педагогический институт, г. Костанай*

Во все времена образование накладывало на характеристики образа жизни человека значимый отпечаток, объясняющийся его мощным и культурным потенциалом. Многочисленные изменения современного общества придали системе образования демократическую направленность, где центром образовательной системы определена личность учащегося с ее насущными потребностями и проблемами. Именно в высшей школе студент получает в процессе обучения и воспитания миропонимание, обретает смысл жизнедеятельности, на этой основе формируются его самодисциплина, расстановка приоритетов, гуманная система ценностей. Посредством образования для молодого человека происходит освоение общечеловеческой и национальной культуры в самом широком смысле и нахождение себя в рамках определенной профессии в личностном плане. Система высшего образования сегодня рассматривается как важнейший институт социализации личности, где обучение и воспитание представляют собой единый процесс, направленный на подготовку высокообразованных, широко эрудированных, культурных, творчески мыслящих специалистов.

В студенческие годы молодые люди наиболее активно приобщаются к ценностям культуры, приобретают навыки общественно-политической деятельности, интенсивно расширяют круг общения. Этому способствует особый уклад жизни высшей школы, где существенной чертой является поощрение творчества, инициативы и самостоятельности в поиске оптимальных форм и методов самостоятельного добывания знаний.

События, происходящие в политической, экономической и духовной жизни нашей республики, побуждают по-новому взглянуть на проблемы воспитания гражданина, формирования интеллектуального и творческого потенциала личности в высших учебных заведениях, поэтому воспитательная работа со студенческой молодежью должна отвечать вызовам времени. В государстве появляется необходимость в преобразовании воспитательной систе-